Қазақстан Республикасының Бірінші Президенті күніне арналған **«Сейфуллин оқулары – 9:** Жоғарғы білім және ғылым дамуындағы жаңа бағыт» атты Республикалық ғылыми-теориялық конференция материалдары = Материалы Республиканской научно- теоретической конференции **«Сейфуллинские чтения – 9:** Новый вектор развития высшего образования и науки**»** посвященная дню Первого Президента Республики Казахстан. – 2013. – Т.2, ч.2 – Б. 163-164

ҚОЙ ТӨЛДЕТУ ТЕХНОЛОГИЯСЫ

Сайлаубек П.

Қой шаруашылығынан алынатын өнімдер олардың санына, ұрықтандыру, төлдеу мерзімдеріне, асылтұқымдық-өнімділік қасиеттеріне тығыз байланысты. Сондықтан қой саулығының төлдеу технологиясына басым көңіл бөліну қажет.

Қойды төлдету уақыты табиғи климат жағдайына, мал азығы мен жылы қораның жай күйіне байланысты еліміздегі шаруашылылықтарға саулықтарды ұрықтандырып, төлдету уақытын үш мерзімде жүргізілу ұсынылады:

1. Қыста қоздату. Бұл үшін қойды ұрықтандыру 20-25 тамызда басталып, қыркүйекте аяқталады. Қой қоздату 16-22 қаңтарда басталып, наурызда аяқталады)

2. Ерте көктемде қоздату. Бұл үшін қойды ұрықтандыру 10-20 қыркүйектен басталып, қазан айында аяқталады. Қой қоздату 7-17 ақпанда басталып, наурызда аяқталады.

3. Көктемде қоздату. Бұл үшін қойды ұрықтандыру 10-20 қазаннан басталып, қарашада аяқталады. Қой қоздату 8-16 наурызда басталып, сәуірде аяқталады;

Шаруашылық үшін ең маңыздысы - өзінің ішкі мүмкіндіктерін дұрыс есептеп бағалау, соның нәтижесінде қолайлы уақытты таңдай білу. Себебі қыста мал шаруашылығы жылы қораның, жеткілікті жем-шөптің, қыстың қатерлі күніне қарсы тұра алатындай адам мен техниканы талап етеді. Ал көктемгі уақыттың өзінше артықшылығы да кемшілігі де бар. Не болғаны да аналық малды, алынған төлді күтіп-бағуға, аман өсіруге мүмкіндіктер толық болуы тиіс.

Қойдың қай уақытта қоздайтыны ертеден белгілі болады. Орта есеппен алғанда, қой төлін 150-152 күн көтереді. Жергілікті жағдайға сәйкес, қой қоздату мезгілі алдын ала ескеріліп, күйек алу науқаны соған сәйкес ұйымдастырылады. Шаруашылықтардың көбінде қойлар көктемде, қар кетіп, көк шыға қоздатылады. Қойды бұл мезгілде қоздату артық шығын тілемейді. Көктемгі жайылымның оты сапалы болса, қоздаған қойлар жылдам көтеріледі; олар сүтімен қозыларын толық жарытады. Ал қозылардың дені сау, ширақ болып тууы, енелерінің күйіне байланысты болады.

Қой қоздайтын қораларды күні бұрын дезинфекциялап тазалайды. Жас қозыларға суық тимейтін етіп, қораны жылылайды. Қой қоздату үшін керекті жабдықтар жеткілікті мөлшерде күні бұрын әзірленеді. Қой қоздату үшін керекті жұмысшы адамдарды алдын ала тағайындайды. Қой қоздату науқаны басталмастан бұрын, шопандар бригадалары арасында қой қоздату жұмысын үлгілі ұйымдастыру жайында бірнеше жиналып кеңеседі, яғни әркімнің өзіне міндеттелетін жұмысы бекітіледі. Тәжірибесі мол шопанның жанына қой қоздатпаған жұмысшыны орналастырады.

Қойларды қорада немесе күн жылы болса ашық қашарлардың ішінде қоздата береді. Қораның жас қозылы қойлар тұратын бөлігін ешбір жерінен жел соқпайтын, су өтпейтін етіп жылылайды. Астына қалың етіп, құрғақ төсеніш салынады. Төсеніш дымқыл болса, ол жылы болғанымен қозыларға суық тиеді. Қой қоздататын және қозылы қойлар тұратын бөлмелер әрбір қойдан соң тазаланады; шарбақтарын дезинфекциялап, астына қайтадан жаңа төсеніш салынады. Сақмандар тобы тұратын бөлмелердің астын күнде жаңғыртпаса да болады; тек бұрынғы төсініштің үстіне жаңадан таза сабан салынады. Қойды өрісте өз бетінше қоздап қалуына жол беруге болмайды. Қоздап жатқан қойдың жаныда кісі тұрады, кейде қойлар өздігінен қоздай алмайды. Жаңа туған қозыға да көмек беруге тура келеді. Сондықтан қоздайтын қойларды өріске жібермей қолдан қоздату керек. Қоздау мезгілі жеткен қойлар, алдыңғы аяқтарымен жер тарпып, артына қарай береді. Бір жатып, бір тұрып, шыдамсызданып оңашалау жер іздейді. Осындай белгі берген қойларды қораға қалдырады. Қораның бір жақ шетін шарбақпен оңашалау етіп бөліп, ондай қойларды соның ішіне кіргізеді. Егер қой өрісте қоздап қалатын болса, оларды дереу қораға жеткізу керек.

Қозы туысымен аузын, танауын сүртіп, шарана кілегейінен тазартады. Танауына кілегей кіріп қалса, ауызбен үріп жібереді; әйтпесе жас қозы тыныс ала алмай қалады. Осыдан кейін қозыны енесінің бауырына жібереді. Енесі төлін жаласа, қозы тез ширап қан жүйелері жақсы жұмыс істейді. Екіншіден енесі қозысына үйреніп, кейіннен жаңылыспайтын болады.

Жас қозының неғұрлым жиі емгені жақсы болады, алғашқы күндері ең кемі 2-2,5 сағатта бір емізіледі. Қозысын алмайтын қойларды жеке бөлімшеге кіргізіп, қозыларын қолдан емізіп, жағыстырады; бір-екі күннен соң қойдың өзі емізе бастайды. Алғашқы күндері қозыларын алмайтындар тұмса қоздаған тұсақтар арасында көп кездеседі.

Қоздаған қойлар 2-3 күн қорада бағылады да, онан соң ғана өріске шығарыла бастайды. Алдыңғы қатарлы шаруашылықтардың тәжірибесіне қарағанда, бұл әдіс дұрыс қолданылса, қозылар суыққа шалдықпай жақсы жетіледі, олардың өлім-жітімі де көп кемиді. Бұл әдісті қолданудың тағы бір маңызды жері, сақманшылар көп керек болмайды. Өрісте 2-3 сақмалдың қойын бір-ақ кісі жаяды. Қораға келгенде үйренген қойлар өздері-ақ табысып, әрқайсысы өз қозысы тұрған бөлімшеге барады.

Ғылыми жетекшісі: а.ш.ғ.д., профессор С. Шәуенов